

Ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария ұйымдарының мамандарына отын сатып алуға әлеуметтік көмек туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Үржар аудандық мәслихатының 2012 жылғы 21 желтоқсандағы N 9-78/V шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 11 қаңтарда N 2816 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Үржар аудандық мәслихатының 2018 жылғы 16 қарашадағы № 34-353/VI шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Үржар аудандық мәслихатының 16.11.2018 № 34-353/VI шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған .

Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Заңының 18 бабы 5 тармағына және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабы 1 тармағы 15) тармақшасына сәйкес, Үржар аудандық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария ұйымдарының мамандарына отын сатып алуға 10 500 (он мың бес жүз) теңге мөлшерінде әлеуметтік көмек берілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Шығыс Қазақстан облысы Үржар аудандық мәслихатының 12.03.2018 № 24-247/VI шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. Ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік денсаулық сақтау мамандарына отын сатып алуға әлеуметтік көмек мөлшері Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының шешімімен белгіленген.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - Шығыс Қазақстан облысы Үржар аудандық мәслихатының 15.04.2014 N 24-251/V шешімімен (алғашқы ресми

жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Үржар аудандық

мәслихатының хатшысы

А. Дуйсембаев

М. Бітімбаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК